

Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасының «Білім беруді дамыту орталығы» КММ әдістемелік кеңесімен бекітуге ұсынылды
(№3, 2023 жыл)



«БЕКІТІЛДІ»

Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасының «Білім беруді дамыту орталығы» КММ директоры

Б. Төлімбет

«14» _____ 2023 ж.

Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасының «Білім беруді дамыту орталығы» КММ

ӘДІСТЕМЕЛІК АШЫҚ ЕСІК КҮНІН ӨТКІЗУ ЕРЕЖЕСІ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңына, Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасы білім беруді дамыту орталығының Жарғысына сәйкес әзірленді және бекітілді.

1.2. Осы Ереже Әдістемелік ашық есік күнін өткізудің (бұдан әрі – *Ашық есік күні*) негізгі қызмет істеу бағыттарын, ұйымдастыру және өткізу тәртібін айқындайтын, жұмысын реттеуші ретінде локальді акт болып табылады.

1.3. Ашық есік күні өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Білім туралы, Қазақстан Республикасының Тіл туралы, Қазақстан Республикасының Бала құқықтары туралы, Қазақстан Республикасының Педагог мәртебесі туралы, Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңдары, Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі, Қазақстан Республикасының «Білімді ұлт» сапалы білім беру» 2021 – 2025 жылдарға арналған ұлттық жобасы, «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат, Білім беруді дамыту орталығының Жарғысын т.б. нормативтік-құқықтық актілерді басшылыққа алады.

1.4. Ашық есік күнінің үйлестірушісі болып Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасының «Білім беруді дамыту орталығы» КММ болып табылады.

1.5. Ашық есік күні білім беруді дамыту орталығының жұмыс жоспарында бекітілген кестеге сәйкес тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі.

1.6. Ашық есік күнін өткізу білім беруді дамыту орталық директорының оны ұйымдастыру мен өткізу тәртібін айқындайтын бұйрығымен реттеледі.

1.7. Ашық есік күніне тікелей басшылықты білім беруді дамыту орталығының директоры жүзеге асырады.

1.8. Бұл Ереженің қолдану мерзімі шектелмеген. Осы Ереже жаңа Ереже қабылдағанға дейін жарамды болып табылады.

1.9. Бұл Ережені қолдану барысында толықтырулар мен өзгерістерді енгізу Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасының «Білім беруді дамыту орталығы» КММ әдістемелік кеңесінің шешімімен бекітіледі.

2. АШЫҚ ЕСІК КҮНІНІҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ, ПРИНЦИПТЕРІ

2.1. Мақсаты: облыс педагогтеріне, ата-аналар қауымына инновациялық, оқу-әдістемелік, тәрбие жұмысын ұйымдастыру және білім беру саласындағы өзекті мәселелер бойынша уақытылы шешімдер қабылдау, қажетті көмек көрсету

2.2. Міндеттері:

1. Облыс педагогтері мен білім беруді дамыту орталығының әдіскерлері арасында тиімді өзара әрекеттесуді қамтамасыз ету;

2. Білім беруді дамыту орталығы мен аудандық/қалалық адами әлеуетті дамыту бөлімдерінің әдістемелік кабинеттер, ата-аналар қауымы, бұқаралық ақпарат, өзге де қоғамдық өкілдері арасындағы серіктестікті орнату;

3. Білім беру ісіндегі дамудың қазіргі кездегі маңызды бағыттары бойынша педагогтің кәсіби құзыреттілігін арттыру;

4. инновациялық идеяларды, жобалық-эксперименталдық жұмыстарын, педагогтердің үздік тәжірибелерін тарату; кәсіби қызметін алғаш бастаған педагогтерге қазіргі заманғы оқыту тәсілдерін игеруге, құжаттаманы жүргізуге, материалдарды әзірлеуге көмек көрсету;

5. білім беру ұйымын сапалы басқару жүйесін жетілдіру бойынша басшыларының кәсіби құзыреттілігін дамыту.

2.3. Принциптері:

1. Адалдық;
2. Әділдік;
3. Заңдылық;
4. Жариялылық;
5. Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік;
6. Кәсіби ынтымақтастық;

7. Ниеттілік;
8. Жауапкершілік;
9. Жеке тұлғаның абыройын және қадір-қасиетін құрметтеу;
10. Жалпы адами құндылықтарды құрметтеу және төзімділік;
11. Патриотизм;
12. Үздіксіз кәсіби даму.

3. АШЫҚ ЕСІК КҮНІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

3.1. Ашық есік күні өңірдің аудандық/қалалық адами әлеуетті дамыту бөлімдерінің әдістемелік кабинеттерімен бірыңғай күнде өткізіледі.

3.2. Ашық есік күнін өткізу білім беруді дамыту орталығының барлық қызметкерлерінің қатысуын көздейді.

3.3. Ашық есік күнін өткізуде қатысушыларды көптеп тарту үшін орталыққа ыңғайлы кез-келген формада іс-шараны жарнамалау (БАҚ, орталықтың жеке сайты, виртуалды әдістемелік кабинет, орталықтың әлеуметтік желілердегі парақшалары т.б.) ұйымдастырылады.

3.4. Ашық есік күнін өткізудің мазмұны облыстың білім беру ұйымдары педагогтерінің, аудандық/қалалық адами әлеуетті дамыту бөлімдерінің алдын-ала өтінімдері бойынша немесе білім беруді дамыту орталығының ағымдағы жылға арналған жұмыс жоспары мен жүктелген міндеттерді шешу қажеттілігіне қарай анықталады.

3.4.1 Алдын-ала өтінімдер бойынша өткізілетін Ашық есік күнінің өтінімдері іс-шараны өткізілгенге дейін 14 күннен кешіктірілмейтін мерзімде жеке педагогтердің, ата-аналардың немесе аудандық/қалалық адами әлеуетті дамыту бөлімдерінің атынан ұсыну арқылы жүзеге асырылады.

3.4.2 Білім беруді дамыту орталығының ағымдағы жылға арналған жұмыс жоспары мен жүктелген міндеттерді шешу қажеттілігіне қарай өткізілетін Ашық есік күні іс-шараның барлық қатысушылары мен қонақтарына танысу үшін рәсімделетін және ұсынылатын жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

3.4.3 Ашық есік күні білім беруді дамыту орталығының жұмыс жоспарында бекітілген кезеңде өткізіледі.

3.5. Ашық есік күнін өткізудегі негізгі шаралар:

- 3.5.1. кестеге сәйкес оқу сабақтары;
- 3.5.2. тәрбиелік сипаттағы іс-шаралар;
- 3.5.3. инновациялық жобалардың, жұмыстардың көрсетілімдері;
- 3.5.4. «ашық микрофон»;
- 3.5.5. телекөпір;
- 3.5.6. өзекті мәселе бойынша ашық пікірталасты талап ететін «дөңгелек үстел»;

3.5.7. жеке кеңестер;

3.5.8. оқу-әдістемелік кешендердің көрмесі т.б.

3.6. Ашық есік күнінің спикерлері ретінде білім беруді дамыту орталығының әдіскерлері, тәжірибелі педагогтер (келісім бойынша), ЖОО оқытушылары (келісім бойынша), білім беру ұйымдарының басшылары (келісім бойынша), біліктілікті арттыру ұйымдарының өкілдері (келісім бойынша), әлеуметтік серіктестер (келісім бойынша) және басқа да мүдделі тұлғалар (келісім бойынша) бола алады.

3.7. Ашық есік күн қорытындысы бойынша ұсыныстар әзірленіп, өңірдің аудандық/қалалық адами әлеуетті дамыту бөлімдерінің әдістемелік кабинеттердің назарына жеткізіледі.

3.8. Ашық есік күні барысында атқарылған жұмыстар туралы қорытынды мекеме директорының жаңындағы кеңесте талқыланады.

4. АШЫҚ ЕСІК КҮН КЕЗІНДЕГІ СПИКЕРЛЕРДІҢ МІНДЕТТЕРІ

4.1. Білім беруді дамыту орталығының қызметкерлері үшін: білім беруді дамыту орталығының Жарғысын, мекеменің ішкі тәртіп Ережесі мен өзіне жүктелген лауазымдық міндеттерін орындайды.

4.2. Тәжірибелі педагогтер (келісім бойынша), ЖОО оқытушылары (келісім бойынша), білім беру ұйымдарының басшылары (келісім бойынша), біліктілікті арттыру ұйымдарының өкілдері (келісім бойынша), әлеуметтік серіктестер (келісім бойынша) және басқа да мүдделі тұлғалар (келісім бойынша) үшін: мекемелерінің Жарғысын, ішкі тәртіп Ережесі мен өзіне жүктелген лауазымдық міндеттерін орындайды.

4.3. Ашық есік күнін ұйымдастыру мен өткізу бойынша тиісті құжаттар тізімін әзірлеп, бекітеді.

4.4. Ашық есік күн қорытындысы бойынша тиісті ақпаратты (анықтамалар, ұсыныстар т.б.) уақытылы директор жанындағы кеңестің карауына ұсынады.

4.5. Өзінің кәсіби жұмысының барынша жоғары деңгейіне қол жеткізуге ұмтылады.

4.6. Ашық есік күн кезінде жазатайым оқиғалардың алдын алу үшін сақтық шараларын сақтайды.

4.7. Ашық есік күнінің барлық қатысушыларының құқықтарын құрметтейді, лайықты мінез-құлықтың үлгісі болады.

5. АШЫҚ ЕСІК КҮН КЕЗІНДЕГІ СПИКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

5.1. Спикерлер шығармашылық бастамашылыққа, іске асырылатын білім беру бағдарламасы шегінде авторлық бағдарламалар мен оқыту әдістерін әзірлеуге және қолдануға құқылы.

5.2. Ғылыми, шығармашылық, зерттеу қызметін жүзеге асыру, эксперименттік және халықаралық қызметке, әзірлемелерге және инновацияларды енгізуге қатысуға құқылы.

5.3. Білім беру бағдарламаларын, оның ішінде оқу жоспарларын, күнтізбелік оқу кестелерін, жұмыс оқу пәндерін, курстарды, пәндерді (модульдерді), әдістемелік материалдарды және білім беру бағдарламаларының өзге де компоненттерін әзірлеуге қатысуға құқылы.

5.4. Мұғалімдердің озық педагогикалық тәжірибесін тарату бойынша ұсыныс енгізуге.

5.5. Өз пікірін еркін білдіруге құқылы.

5.6. Кәсіби ар-намысы мен абыройын қорғау құқығы және педагог қызметкерлердің кәсіби әдеп нормаларын бұзылған жағдайда әділ және объективті шешімнің қабылдануына

6. АШЫҚ ЕСІК КҮН КЕЗІНДЕГІ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

6.1. Білім беруді дамыту орталығының қызметі туралы сұрақтарды қоюға.

6.2. Білім беруді дамыту орталығының жауапты маманынан тіркеуден өту.

6.3. Қоғамдық орындарда мінез-құлық нормаларын сақтау.

7. АШЫҚ ЕСІК КҮНІНЕ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

7.1. Қызметтік әдеп нормаларын, қоғамдық орындарда жалпыға ортақ мінез-құлық қағидаларын сақтамағаны үшін, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық және басқа да құқықбұзушылық әрекеттері үшін Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес жауапты болады.

